

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МЕЖДУНАРОДНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ КОРПОРАЦИЯ

СТУДЕНТ И НАУКА: ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ

**Сборник материалов
XXV ежегодной республиканской студенческой научной конференции**

ЧАСТЬ III

Алматы, 2025

УДК 001
ББК 72
С 88

Редакционный комитет

Имандосова М.Б., ректор МОК – председатель;
Молдамуратов Ж.Н., проректор по НИ – заместитель председателя;
Гвоздикова Т.А., заместитель декана по академическим вопросам ФА;
Узакбаев Т.К., заместитель декана по академическим вопросам ФД;
Касымова Г.Т., ассистент профессора ФОС;
Умирбаева А.Б., заместитель декана по академическим вопросам ФСТИМ;
Жандосова Ә.М., координатор ДНИ.

С 88 **Студент и наука: взгляд в будущее:** Сб. мат. XXV ежегодн. респ.
научн. студ. конф. – Алматы: МОК, 2025.

ISBN 978-601-08-5828-2 (общ.)
Ч. III. – 93 с.
ISBN 978-601-08-5827-5

В сборнике представлены результаты научно-исследовательской деятельности преподавателей и студентов МОК, Satbayev University, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева и других вузов.

Статьи, представленные в сборнике, рассмотрены на XXV ежегодной республиканской научной студенческой конференции «Студент и наука: взгляд в будущее». Организатор конференции – департамент науки и инноваций под руководством Ш. Лайсханова.

В сборнике освещены актуальные тенденции в области экономики, геодезии и картографии, землеустройства и кадастра, технологии деревообрабатывающей и лесной промышленности

Материалы сборника представляют интерес для преподавателей, студентов, магистрантов и стажеров технических вузов.

УДК 001
ББК 72

Печатается по плану издания Международной образовательной корпорации
на 2024–2025 уч. год.

ISBN 978-601-08-5827-5 (ч. III)
ISBN 978-601-08-5828-2 (общ.)

© Международная образовательная
корпорация, 2024

СОДЕРЖАНИЕ

Раздел IV ЭКОНОМИКА И МЕНЕДЖМЕНТ ПО ОТРАСЛЯМ

Абдыхалиева Ә.М., Нуржанова К.А. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жаңа сәулет-құрылыс тәсілдері	4
Енсепова М.Б., Адилова Д.А. Қазақстан Республикасының құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытудың басым бағыттары	10
Жунисбекова Г., Кибаета А.Б. Қазіргі заманғы тұрғын үй құрылысының тенденциялары мен перспективалары	15
Карсибай А., Мажитов М., Кейкова Ж.К. Кәсіпорынның «кадрлық аштық» жағдайындағы жұмысы	18
Кузнецова К.В., Нуржанова К.А. Повышение качества логистических механизмов в строительстве	23
Рахматова С.Р., Степанов Р.В., Букейханова Т.К. Внедрение искусственного интеллекта в бизнес-процессы строительной отрасли: угроза или возможность для современного менеджмента.....	27
Серік Т., Кибаета А.Б. Құрылыс ұйымындағы маркетингтік қызметті жетілдіру жолдары.....	32
Темірханова Д.К., Адилова Д.А. Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамуының мемлекеттік бағдарламаларына талдау.....	35
Тоқан Ә.Е., Адилова Д.А. Жасыл құрылыс технологиялары және олардың қоршаған ортаға әсері	39
Төремұратова Ж.Б., Ильясова К.И. ESG стандарттарының құрылыс саласына әсері.....	44
Temirzhanuly A., Adilova D.A. Risk management in construction: modern methods and tools.....	50

Раздел V ГЕОДЕЗИЯ И КАРТОГРАФИЯ. ЗЕМЛЕУСТРОЙСТВО И КАДАСТР

Асанов Е.Б., Кузнецова И.А. Изменение площади водохранилища Капчагай по данным ДЗЗ	54
Асқар А., Доктырбек А.Е. Қазақстандағы жер қатынастарының даму кезеңдері	59
Доскеева А.Е., Даркенбаева А.Б. Организация и проведение мониторинга использования земель сельскохозяйственного назначения в Алматинской области	61
Ерлан А., Доктырбек А.Е. Қазақстандағы жер қатынастарының даму кезеңдері	66
Зермұхамед А.Б., Айтхожаева Г.С. Алматы облысының ауыл шаруашылығында тұрақты жер пайдалану әдістерін қолдану: экологиялық және экономикалық аспектілер.....	69
Кадыр Т.Д., Кузнецова И.А. Мониторинг и контроль земельных ресурсов с использованием геодезических и кадастровых данных	72
Катаева А. Кадастр саласында ГАЖ құралдарын қолдану	77
Кириченко К.В., Мейрамбек Г. Влияние накоплений разностей превышений.....	83
Кириченко М.В. Методы создания высокоточных цифровых моделей местности с помощью БПЛА	86
Костромина А., Пентаев Т. Мониторинг и инвентаризация населенных пунктов.....	89

Раздел IV

ЭКОНОМИКА И МЕНЕДЖМЕНТ ПО ОТРАСЛЯМ

ӘОЖ 711.427(-21)

Абдыхалиева Ә.М., ХБК (ҚазБСҚА) ЭМС-21-2 тоб. ст.
Нуржанова К.А., э.ғ.м., ХБК (ҚазБСҚА) ассист.-проф.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС ТӘСІЛДЕРІ

Мақалада сәулет пен құрылыста жаңа тәсілдерді қолдану және іздестіру, Қазақстанның құрылыс саласының өзекті проблемаларын шешуге және ғимараттар жобаларының энергия тиімділігін арттыруға ықпал ететін цифрлық технологияларды енгізу қажеттігі туралы өзекті мәселелер сипатталады.

Түйін сөздер: энергия тиімді құрылыс, «жасыл» технологиялар, тұрақты даму, сәулет және құрылыс, BIM-технологиялар, жаңартылатын энергия көздері, урбанизация, экологиялық құрылыс, ақылды ғимараттар, қалалық ортаның сапасы.

В статье описываются актуальные вопросы о необходимости применения и поиска новых подходов в архитектуре и строительстве, внедрения цифровых технологий, способствующих решению насущных проблем строительной отрасли Казахстана и повышения энергоэффективности проектов зданий.

Ключевые слова: энергоэффективное строительство, «зелёные» технологии, устойчивое развитие, архитектура и строительство, BIM-технологии, возобновляемые источники энергии, урбанизация, экологическое строительство, умные здания, качество городской среды.

The article describes topical issues on the need to apply and search for new approaches in architecture and construction, the introduction of digital technologies that contribute to solving the pressing problems of the construction industry in Kazakhstan and improving the energy efficiency of building projects.

Keywords: energy-efficient construction, green technologies, sustainable development, architecture and construction, BIM technologies, renewable energy sources, urbanization, eco-friendly buildings, smart buildings, urban environment quality.

Сәулет-құрылыс саласы ұлттық экономикадағы ең маңызды салалардың бірі болып табылады, урбанизация деңгейін, инфрақұрылымды қамтамасыз етуді және халықтың өмір сүру сапасын анықтайды. ХХІ ғасырдағы жаһандық сын-қатерлер – климаттың өзгеруі, цифрландыру, демографиялық өзгерістер және экологиялық деградация жағдайында бұл сала жаңа мәнге ие болып, дәстүрлі құрылыс шеңберінен шығып, тұрақты дамудың стратегиялық құралына айналуға.

2025 жылы Қазақстан Республикасы әлемдік стандарттарға сай келу және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсарту мақсатында құрылыс саласын

трансформациялаудың қажеттілігіне тап болды. Бұл урбанизацияның өсуі, аймақтық даму теңсіздігі, инфрақұрылымның ескіруі, энергия тиімділігін арттыру мен цифрлық технологияларды енгізу қажеттілігімен байланысты [1].

Қазақстан Республикасының Статистика комитетінің деректеріне сәйкес, 2024 жылы құрылыс жұмыстарының көлемі 5 триллион теңгеден асты, алайда осы инвестициялардың көп бөлігі инновациялық даму орнына құрылымдық тозуды жою мен күрделі жөндеуге бағытталуда. Бұл құрылыс саласының сандық өсуінен сапалы жаңаруға өту қажеттілігін көрсетеді. Тұрақты қалалық ортаны қалыптастыру мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады және сәулет пен құрылыс саласындағы жаңа тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Қазақстандағы қазіргі заманғы сәулеттік және құрылыс саласы тұрақты даму концепциясымен тығыз байланыста дамып келеді. Бұл концепцияның негізінде энергия тиімді және «жасыл» технологияларды қолдану жатыр. Бұл технологиялар құрылыс саласының қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға, ресурстарды тиімді пайдалануға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жаһандық үрдістің ажырамас бөлігі болып табылады. 2025 жылы Қазақстан мемлекеттік бағдарламалар мен халықаралық стандарттар аясында осындай тәсілдерді белсенді түрде енгізуде, бұл елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай әсер етеді [2].

1-кесте – Энергия тиімді ғимараттардың көрсеткіштерін салыстыру

Көрсеткіш	Қазақстан (мысалдар)	Германия (KfW)	АҚШ (The Bullitt Center)
Энергия тұтынуды азайту	20–40%	50%-ға дейін	100% (энергия тәуелсіздігі)
Эксплуатациялық шығындарды азайту	15–30%	30–40%	50%
Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану	Күн панельдері, жылу сорғылары	Күн панельдері, жел энергиясы	Күн панельдері, жаңбыр суын жинау жүйесі
Жұмыс орындарының әсері	Құрылыс пен қызмет көрсету саласында жұмыс орындарының артуы	«Жасыл» технологиялар секторында жұмыс орындарының белсенді құрылуы	Жоғары технологиялық жұмыс орындарының құрылуы
Әлеуметтік әсер	Тұрғындардың жайлылығы мен денсаулығын арттыру	Қалалық орта сапасын жақсарту	Өмір сүру сапасы мен денсаулықты арттыру

Әлемдік тәжірибе «жасыл» құрылыс саласында одан да әсерлі көрсеткіштерді көрсетеді. Еуропалық Одақ пен АҚШ-та LEED (Leadership in Energy and Environmental Design) және BREEAM (Building Research Establishment Environmental Assessment Method) стандарттарын енгізу энергияны 50%-ға дейін үнемдеуге және көміртегі шығарындыларын 40–60%-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

Германияда, мысалы, KfW энергия үнемдеу бағдарламасы нөлдік немесе минималды энергия тұтынатын үйлер салуды ынталандырады, бұл үй шаруашылықтарының энергия шығындарын 40%-дан астамға төмендетуге әкелді. Мұндай жобалар «жасыл» технологиялар мен ғимараттарды қызмет көрсету саласында мыңдаған жұмыс орындарын да құрады.

АҚШ-та Сиэтлдегі The Bullitt Center ғимараты әлемдегі ең экологиялық таза офис ғимараттарының бірі болып саналады. Күн батареяларын, жаңбыр суын жинау жүйесін және жылу қалпына келтіру жүйесін қолдану арқылы ғимарат өз энергиясын толықтай қамтамасыз етеді және қоршаған ортаға әсерін азайтады.

Энергия тиімді құрылыс тек ресурстарды үнемдеумен шектелмейді:

- Эксплуатациялық шығындарды төмендету: ғимарат иелері мен тұрғындары жылу, электр энергиясы және су үшін аз төлем жасайды.
- Жайлылық пен денсаулықты арттыру: жақсартылған желдету, терморегуляция және экологиялық таза материалдарды қолдану арқылы.
- Жұмыс орындарын құру: энергия тиімді технологиялар нарығы құрылыс, жобалау және техникалық қызмет көрсету салаларында жұмыспен қамтуды ынталандырады.
- Қалалық ортаны жақсарту: жасыл аймақтардың өсуі, ластанудың төмендеуі және климаттық өзгерістерге төзімділіктің артуы.
- Инвестициялар тарту: экологиялық бағытталған жобалар халықаралық қаржы ұйымдарының және мемлекеттік бағдарламалардың қолдауына ие болады.

Энергия тиімді құрылыс – бұл тұрғындар мен пайдаланушылар үшін жайлылықты сақтай отырып, ғимараттардың энергия тұтынуын минимизациялауды қамтамасыз ететін жобалау және салу жүйесі. Ол жоғары жылу оқшаулау қабілеті бар заманауи материалдарды қолдануды, микроклиматты автоматты басқару жүйелерін енгізуді, сондай-ақ күн панельдері мен жылу сорғылары сияқты жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қамтиды.

«Жасыл» құрылыс осы принциптерді кеңейтеді, материалдардың экологиялық қауіпсіздігін, құрылыс қалдықтарын азайтуды, жасыл аймақтарды және «тірі» шатырларды жасауды қамтиды, бұл қалалық жылу әсерін төмендетуге және ауаның сапасын жақсартуға ықпал етеді.



1-сурет – Жасыл құрылыс тұжырымдамасы

Энергия тиімді технологияларды енгізу әдістемесі

«Жасыл» технологияларды тиімді енгізу үшін:

1. Алғашқы деректерді талдау – климаттық жағдайлар, жер бедері, халықтың қажеттіліктері. –

2. Технологиялар мен материалдарды таңдау – жергілікті нарық, қолжетімділік және қолданыстағы стандарттармен үйлесімділік.

3. BIM-технологияларын қолдана отырып жобалау – болашақ объектінің энергия тиімділігін және экологиялық тазалығын модельдеуге мүмкіндік береді.

4. Энергия тиімділігін есептеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану – мысалы, IES VE, DesignBuilder, олар ресурстарды оңтайландыруға көмектеседі.

5. Құрылыс және пайдалану кезеңдерінде сапа бақылауы мен аудиті.

6. Персоналды оқыту және халықты ақпараттандыру – технологияларды пайдалану жауапкершілігін және тиімділігін арттыру үшін.

Қазақстанда энергия тиімді және «жасыл» технологияларды қолданудың бірнеше сәтті мысалдары бар.

Астана қаласындағы «Экополис» тұрғын үй кешені пилоттық жоба ретінде жоғары сапалы жылу оқшаулағыш материалдар, үш қабатты әйнегі бар терезелер және автоматтандырылған жылыту мен желдету жүйелерін пайдаланды. Екі жылдық пайдалану барысында жылуға жұмсалатын шығындар 35%-ға төмендеді, бұл мұндай инвестициялардың экономикалық тиімділігін дәлелдейді. Сонымен қатар, микроклиматқа қатысты шағымдар саны 60%-ға азайды, бұл тұрғындардың өмір сапасының жақсарғанын көрсетеді.

Қосшы қаласы да энергия тиімділігін арттыру бағытында айтарлықтай қадамдар жасауда. Қоғамдық ғимараттар мен мектептердің шатырларына орнатылған күн панельдері электр энергиясын тұтынуды шамамен 20%-ға қысқартуға мүмкіндік берді. Жаңа шағынаудандарда қозғалыс сенсорлары бар энергия үнемдейтін LED-шамдар және көше жарығын интеллектуалды басқару жүйелері енгізілуде, бұл электр энергиясына кететін шығындарды 25%-ға дейін азайтты.

Халықаралық тәжірибе

Шет елдерде де мұндай технологиялар одан да айқын әсер береді. Швецияда жылу сорғылары мен жылуды қалпына келтіру жүйелері кеңінен қолданылады, бұл тұрғын үйлердегі қазба отынына тәуелділікті іс жүзінде жояды. Нидерландыда жаңартылатын энергия көздері, жасыл шатырлар және жергілікті тазарту жүйелерімен жабдықталған тұтас аудан жобалары іске асырылуда, бұл қалалық инфрақұрылымға түсетін жүктемені азайтады және тұрғындардың өмір сапасын арттырады [3].

Жапония өзінің «ақылды үйлерімен» танымал. Онда қауіпсіздік, жайлылық және энергия үнемдеу жүйелері біріктіріліп, энергияны тұтынуды азайтады және пайдаланушылардың өмірін ыңғайлы етеді.

«Жасыл» технологиялардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі

Осындай технологияларды енгізудің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі айқын:

- Коммуналдық төлемдер бойынша үнем үй шаруашылықтары мен ұйымдарға шығындарды азайтуға көмектесіп, олардың қаржылық тұрақтылығын арттырады;
- Энергия тиімділік сертификаттары жобаларды инвесторлар мен банктер үшін тартымды етеді;
- Сала дамуы жаңа жұмыс орындарын құруға әсер етеді – арнайы материалдар өндірісінен бастап жабдықтарды орнату мен қызмет көрсетуге дейін;
- Ауа сапасы мен жайлылық халықтың денсаулығына оң әсер етеді, бұл өз кезегінде медицина мекемелеріне түсетін жүктемені азайтады;
- Қалалардың тұрақты дамуы экологиялық жағдайды жақсартады және халықтың өмір сапасын арттырады [4].

2-кесте – «Жасыл» технологиялардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге әсері

Көрсеткіш	Қазақстан (мысалдар)	Шетелдік тәжірибе	Қоғам үшін пайдасы
Энергия тұтынуды азайту	20–40%	50–70%-ға дейін	Ресурстарды үнемдеу
CO ₂ шығарындыларын қысқарту	25%-ға дейін	60%-ға дейін	Экологияны жақсарту
ТКШ шығындарын азайту	15–30%	30–50%	Қаржылық тұрақтылық
Құрылған жұмыс орындарының саны	Аймақтарда 5–10% өсу	«Жасыл» секторда 20%	Жұмыспен қамтудың артуы
Тұрғындардың қанағаттану деңгейі	+40%	+60%	Өмір сапасының артуы

Қазақстан мен әлемдегі сәтті мысалдар

Қазақстан:

- Talan Towers (Астана): 2018 жылы LEED Gold сертификатын алған көпфункционалды кешен. Күн панельдері, су үнемдеу жүйелері және автоматтандырылған микроклиматты басқару жүйелерімен жабдықталған.
- Q2 (Астана): Қазақстандағы алғашқы «жасыл» ғимарат. Күн панельдері мен энергия тиімді жүйелерімен жабдықталған.
- WILCO өндірістік кешені (Алматы): Энергия тиімді технологиялар мен су үнемдеу жүйелерін қолданады.

Шетелде:

- Bullitt Center (Сиэтл, АҚШ): күн панельдері мен жаңбыр суын жинау жүйесінің көмегімен энергияны толықтай өзі өндіретін офис орталығы.
- Baku White City (Баку, Әзірбайжан): 10 ауданнан тұратын ірі жасыл қала жобасы, жасыл технологияларды кеңінен қолдануды қарастырады.

Қосшы қаласындағы тәжірибе

Қосшы қаласы – Қазақстандағы жылдам дамып келе жатқан аймақтық орталықтардың бірі, ол қазіргі заманғы сәулеттік және құрылыс тәсілдерін қолдана отырып, тұрақты даму мен қалалық ортаның сапасын жақсартуға бағытталған.

Жақында салынған қоғамдық орталықта жоғары тиімділікке ие әйнектер және экологиялық қауіпсіз материалдармен жылу оқшаулау қолданылады. Құрылыста жылу сорғылары негізіндегі жылыту жүйелері қолданылады, бұл табиғи газды тұтынуды азайтады және инженерлік желілерге түсетін жүктемені төмендетеді.

Әкімшілік және тұрғын үйлердің шатырларына күн панельдері орнатылды. Қалалық әкімшілік ғимаратында орнатылған жүйе энергия қажеттілігінің 25%-ын қамтамасыз етеді. Қала шетінде жел турбиналарын орналастыру мүмкіндігі де қарастырылып жатыр.

Қалада жасыл аймақтар мен саябақтар құрылысы, ғимараттардың күн мен желге қатысты дұрыс бағытталуы, көлеңкелі аймақтар мен көгалдандырылған аулалар жобалану үстінде. Бір тұрғын үй кешенінде «жасыл шатырлар» технологиясы қолданылып, бұл жылу оқшаулауды жақсартады және қаладағы жылу аралы эффектісін азайтады [5].

Қалалық басқару жүйелері (BMS) бірнеше әкімшілік ғимараттарға енгізілді. Бұл электр энергиясын тұтынуды оңтайландырып, микроклиматты бақылауға және эксплуатациялық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық әсері

Қосшы қаласындағы осы технологиялардың қолданылуы келесі нәтижелерге әкелді:

- Энергия ресурстарына кететін шығындарды 20–30%-ға қысқарту;
- Халықтың жайлылығы мен өмір сапасын арттыру;
- Құрылыс және қызмет көрсету салаларында жаңа жұмыс орындарын құру;
- Экологиялық жағдайдың жақсаруы және қаланың инвесторлар үшін тартымдылығының артуы.

Алдағы уақытта бұл тәсілдерді бүкіл қала көлемінде кеңейту жоспарланады. Бұл Қосшының тұрақты дамуына және әлеуметтік тұрақтылықты арттыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.-Ж. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы» // ҚР Президентінің ресми сайты. 2023. URL: <https://www.akorda.kz> (қолдану күні: 20.05.2025).
2. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы. – Алматы, 2020. – 150 б.
3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және инфрақұрылымдық даму министрлігі. «Нұрлы Жер» мемлекеттік бағдарламасы (2021–2025 жж.) // ҚР ӨИДМ ресми сайты. 2021.
4. Назаров Е.И., Әбділлина М.А. Қазақстандағы құрылыс кешенінің экономикасы: қазіргі мәселелер мен шешімдер // ҚР ҰҒА экономика институты. – Нұр-Сұлтан, 2023. – 88 б.
5. Қазақстан архитектура және құрылыс академиясы. Қазақстандағы инновациялық материалдар мен технологиялар. – Алматы, 2024. – 110 б.

Енсепова М.Б., ХБК (ҚазБСҚА) ЭМС-21-1 тоб. ст.
Адилова Д.А., э.ғ.к., ХБК (ҚазБСҚА) қауымд. проф.-зерттеуші

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Мақалада Қазақстанның құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытудың басым бағыттары қарастырылған. Ағымдағы проблемалар импортқа тәуелділік, ескірген технологиялар, инвестициялардың болмауы және экологиялық талаптар ретінде талданады. Импортты алмастыру, технологиялық жаңғырту, «жасыл» технологияларды енгізу, мемлекеттік қолдау сияқты перспективалы бағыттарға ерекше назар аударылатын болады. Заманауи шешімдерді белсенді енгізу және оның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында салаға инвестициялар тарту қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: құрылыс материалдары, импортты алмастыру, бәсекеге қабілеттілік, өндірісті жаңғырту, инвестициялар, автоматтандыру, цифрландыру, экологиялық тұрақтылық, «жасыл» технологиялар, өнеркәсіптік саясат.

В статье рассмотрены приоритетные направления развития промышленности строительных материалов Казахстана. Анализируются текущие проблемы как импортозависимость, устаревшие технологии, отсутствие инвестиций и экологических требований. Особое внимание будет уделено таким перспективным направлениям, как импортозамещение, технологическая модернизация, внедрение «зеленых» технологий, государственная поддержка. Сделан вывод о необходимости привлечения инвестиций в отрасль с целью активного внедрения современных решений и повышения ее конкурентоспособности на мировом рынке.

Ключевые слова: строительные материалы, импортозамещение, конкурентоспособность, модернизация производства, инвестиции, автоматизация, цифровизация, экологическая устойчивость, «зелёные» технологии, промышленная политика.

The article considers priority areas of development of the construction materials industry of Kazakhstan. Current problems such as import dependence, outdated technologies, lack of investment and environmental requirements are analyzed. Particular attention will be paid to such promising areas as import substitution, technological modernization, introduction of "green" technologies, state support. A conclusion is made about the need to attract investment in the industry in order to actively implement modern solutions and increase its competitiveness in the world market.

Keywords: building materials, import substitution, competitiveness, industrial modernization, investments, automation, digitalization, environmental sustainability, green technologies, industrial policy.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі инфрақұрылымдық, тұрғын үй және өнеркәсіптік жобаларды іске асыру үшін қажетті ресурстармен құрылыс секторын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан экономикасының дамуында стратегиялық маңызды рөл атқарады. Сектордың орнықты дамуы экономикалық өсуге, жұмыспен қамтуды, инвестицияларды ұлғайтуға және технологиялық жаңғыртуға ықпал етеді. Алайда, жоғары сұранысқа қарамастан, Қазақстанның құрылыс материалдары саласында терең талдау мен тиімді шешімдерді әзірлеуді талап

ететін бірқатар күрделі проблемалар бар. Негізгі проблемалардың бірі-импортқа жоғары тәуелділік. Мысалы, жоғары сапалы керамикалық плиткалардың, сантехниканың, бояу материалдарының және заманауи энергия үнемдейтін материалдардың көпшілігі Ресейден, Қытайдан, Түркиядан және Еуропа елдерінен әкелінеді [5].

Материалдардың 32 пайызы бұрынғысынша импортталады, демек, отандық өндірушілерде бәсекеге қабілеттілік аз ба?



1-сурет – Импортқа тәуелді материалдар

Қазақстанның құрылыс материалдары саласында импортқа тәуелділік және бәсекеге қабілетті отандық өндірушілердің болмауы елдің экономикасы мен құрылыс секторына әсер ететін елеулі проблемалар болып табылады. Цемент шикізаты, гипс, әктас және саз сияқты шикізаттың елеулі қорларының болуына қарамастан, Қазақстан әлі де құрылыс материалдарының, әсіресе жоғары технологиялық және мамандандырылған өнімдердің импортына тәуелді. Бұл құрылыс құнын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар құрылыс индустриясын валюта бағамының өзгеруіне және жеткізу тізбегіндегі өзгерістерге осал етеді. Біріншіден, көптеген қазақстандық кәсіпорындардың технологиялық артта қалуы еңбек өнімділігінің төмендігіне және шығарылатын өнімнің шектеулі асортиментіне алып келеді. Екіншіден, энергия ресурстары мен шикізаттың жоғары құнына байланысты өндірістің жоғары шығындары қазақстандық өндірушілердің импорттық аналогтардан бәсекелестік артықшылықтарын төмендетеді. Үшіншіден, қаржыландырудың жеткіліксіздігі және инвестицияларға қолжетімділіктің шектелуі өндірісті жаңғыртуға және инновациялық шешімдерді енгізуге кедергі келтіреді. Импортқа жоғары тәуелділік капиталдың шетелге кетуіне әкеледі, құрылыс материалдары өнеркәсібіндегі жұмыспен қамтуды азайтады және ұлттық өндірістің дамуын шектейді [7].

Қаржылық қолдаусыз көптеген кәсіпорындар жабдықты жанарта алмайды, жаңа технологияларды енгізе алмайды және өнім сапасын жақсарта алмайды. Цементтің арнайы түрлері, жылу оқшаулағыш және әрлеу материалдары сияқты

шикізаттың кейбір түрлері не Қазақстанда жеткілікті көлемде өндірілмейді, не жоғары құны бар, бұл импортталғанмен салыстырғанда жергілікті өнімнің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Бұл қазақстандық компаниялардың қымбат импорттық жиынтықтауыштарды пайдалануға мәжбүр болуына алып келеді, бұл олардың өнімдерінің түпкілікті құнын арттырады. Бұдан басқа, дамыған логистикалық инфрақұрылымның болмауы қазақстандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді. Елдің кең аумағы мен көлік желісінің дамымауына байланысты Қазақстан ішінде құрылыс материалдарын жеткізу құны жоғары болып қалуда. Нәтижесінде, кейбір аймақтар импорттық материалдарға көбірек сүйенеді, өйткені оларды жеткізу үнемді, әсіресе Ресей мен Қытайдан келген шетелдік компаниялардың нарықтағы үстемдігін ескере отырып. Қазақстанның көптеген ірі құрылыс компаниялары тұрақты сапаны, өнімдердің кең ассортиментін және уақтылы жеткізуді қамтамасыз ете алатын сенімді шетелдік жеткізушілермен жұмыс істеуді жөн көреді. Бұл отандық өндірушілердің нарыққа шығу мүмкіндіктерін шектейді және олардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Жабдық модернизациясы инвесторлардың баса назар аударатын бөлігі ме?



2-сурет – Жабдықты автоматтандыру

Құрылыс материалдарын өндірудің жоғары капитал сыйымдылығы және жобаларды өтеудің ұзақ мерзімдері отандық және шетелдік инвестицияларды тартуды тежейді. Қаржыландырудың жеткіліксіздігі кәсіпорындарды жаңғыртуды, жаңа технологияларды енгізуді, өндірісті кеңейтуді қиындатады, бұл сайып келгенде саланың сапалы құрылыс материалдарына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру мүмкіндігін шектейді. Бұдан басқа, Қазақстанда құрылыс материалдары өнеркәсібінің дамуына экологиялық факторлар әсер етеді. Цемент, бетон және басқа материалдарды өндіру көмірқышқыл газының жоғары шығарындыларымен және энергияны айтарлықтай тұтынумен байланысты.


2023 жылы Қазақстандағы ластанушы шығарындылар



3-сурет – ҚР облыстары бойынша шығарындылар көлемі

Кестедегі мәліметтер мың тонна өлшемінде берілген.

2023 жылы барлық стационарлық ластану көздерінен шығарындылардың жалпы көлемі 32,3 млн тоннаны құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 3,2%-ға аз. Бұл шығарындылардың 88%-ы құрылыс материалдарын шығаратын зауыттардан тұратын өнеркәсіптік сектордан келеді. Шығарындылардың негізгі үлесі Павлодар (694,2 мың тонна) және Қарағанды (454,9 мың тонна) облыстарында тіркелген. Атырау (140 мың тонна), Қостанай (118 мың тонна) және Ақтөбе (112 мың тонна) облыстарында да елеулі шығарындылар байқалды (3-сур.). Жалпы шығарындылардың 80,7%-ы газдар мен сұйықтықтар, ал 19,3%-ы қатты заттар болды [2]. Құрылыс материалдары зауыттарының шығарындылары туралы нақты деректер болмаса да, мұндай зауыттар жалпы өнеркәсіптік шығарындыларға айтарлықтай үлес қосатыны белгілі. Әлемдік құрылыс саласы орнықты даму қағидаттарына бағдарланған қазіргі жағдайда Қазақстанға «жасыл» технологияларды енгізу, экологиялық таза материалдар өндірісін дамыту, халықаралық экологиялық стандарттарға сай болу қажет [6]. Мақаланың өзектілігі мемлекеттің стратегиялық басымдықтарымен де анықталады.



4-сурет – ҚР Стратегиялық бағдарламалары

«Қазақстан-2050», «Нұрлы жол» бағдарламалары және индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы [2], [4] шеңберінде елдің индустриялық-инновациялық дамуын, оның ішінде құрылыс материалдары саласында қолдау бойынша міндеттер қойылды. Мемлекеттік саясат импортқа тәуелділікті төмендетуге, жаңа өндірістер құруға, заманауи технологияларды енгізуге, қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Сондықтан Қазақстанның құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытудың басым бағыттарын зерделеу теориялық және практикалық маңызы бар өзекті міндет болып табылады. Саланың ағымдағы жай-күйін талдау, түйінді проблемаларды анықтау және оларды шешудің ықтимал жолдарын әзірлеу отандық өндірушілердің ұстанымдарын нығайтуға, саланың инновациялық әлеуетін дамытуға және оның ел экономикасына қосқан үлесін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдарды тұжырымдауға мүмкіндік береді. Қазақстанның құрылыс материалдары өнеркәсібінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін бірнеше негізгі бағыттарға назар аудару қажет. Біріншіден, Қазақстанның жергілікті өндіріс үлесін ұлғайту үшін үлкен әлеуеті бар. Жаңа қуаттарды дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, отандық шикізатты пайдалану импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Екіншіден, жаңа технологияларға инвестициялар, өндірісті автоматтандыру және цифрландыру құрылыс материалдарының сапасын арттыруға және өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. 3D басып шығаруды енгізу, композиттік материалдар мен роботтық процестерді пайдалану – саланы жаңа деңгейге көтеретін перспективалы бағыттар. Үшіншіден, экологиялық тұрақтылық саласындағы әлемдік үрдістерді ескеру қажет. Қайталама шикізатты пайдалану, өндірістегі энергия шығынын азайту, құрылыстың «жасыл» стандарттарын енгізу қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға және қазақстандық өнімнің сыртқы нарықтар үшін тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Саланы дамытуда мемлекеттік реттеу және қолдау бағдарламалары маңызды рөл атқарады. Қазақстанда индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы (ИИДМБ), «Қазақстан-2050» Стратегиясы, сондай-ақ «Нұрлы жол» бағдарламасы аясындағы инфрақұрылымдық жобалар сияқты стратегиялық бастамалар іске асырылуда (4-сур.). Бұл бастамалар ішкі өндірісті ынталандыруға, шетелдік инвесторларды тартуға және кәсіпорындарды жаңғырту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған [1].

Қорытындылай келе, құрылыс саласы тек экономиканың ғана емес, елдің болашағының да негізі болып табылатынын атап өткен жөн. Қазақстандық құрылыс материалдары өнеркәсібін табысты дамыту үшін бірқатар негізгі шешімдерді іске асыру қажет. Бұл, ең алдымен, жаңа өндірістер құру және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту есебінен импортқа тәуелділіктің төмендеуі. Цифрландыру, автоматтандыру, 3D басып шығару сияқты инновациялық технологияларды енгізу өндірістің тиімділігін және отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Экологиялық аспектілерге ерекше назар аудару керек: энергияны үнемдейтін және төмен көміртекті технологияларды әзірлеу және енгізу, құрылыста қайталама шикізат пен қалдықтарды пайдалану. Бұдан басқа, мемлекет тарапынан да, жеке компаниялар тарапынан да инвестициялар тарту саланың

орнықты дамуының маңызды факторы болады. Қазақстанның құрылыс саласын дамыту перспективаларына экспортты кеңейту, халықаралық нарықтардағы позицияларды нығайту, өнім сапасын арттыру кіреді [3]. Саланың дамуы жаңа жұмыс орындарын құруға, инфрақұрылымды жақсартуға, оның елдің жалпы ішкі өніміне қосқан үлесін арттыруға ықпал етеді. Осылайша, осы бағыттарды табысты іске асыру Қазақстанның құрылыс материалдарын өндірудегі берік ұстанымын және тұтастай алғанда экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі. (2023). Құрылыс индустриясының дамуы туралы аналитикалық есеп. [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу: www.mii.gov.kz 04.03.2025.
2. Қазақстан Республикасының Статистика комитеті. (2023). Құрылыс материалдары өнеркәсібі бойынша статистикалық мәліметтер. [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу: www.stat.gov.kz - 04.03.2025
3. Ашимбаев Т.А. Қазақстан экономикасы: қазіргі заманғы тенденциялар мен даму перспективалары. – Алматы: Экономика, 2022. – 320 б.
4. «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу: www.akorda.kz -04.03.2025
5. Құрылыс материалдарын өндірушілердің Еуропалық қауымдастығы. (2023). Құрылыс материалдарын өндірудегі жаңа технологиялар мен тенденциялар. [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу: www.eubuildmaterials.org - 04.03.2025).
6. Куанышев Б.Т. Құрылыс өндірісінің экологиялық аспектілері. – Алматы: КазНАУ, 2021. – 250 б.
7. Мухамедьярова Г.Б. Құрылыс индустриясындағы импорт алмастыру: қиындықтар мен мүмкіндіктер // «Қазақстанның экономикасы». – 2022. – №4. – 75-90 бб.

ӘОЖ 338.2

Жунисбекова Г., ст. гр. Эмс-23-2* МОК (КазГАСА)

Кибеева А.Б., м.э.н., ассист. проф. МОК (КазГАСА)

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

В статье рассматривается влияние увеличения объемов строительства, ужесточения экологических требований, активной урбанизации и государственных программ на тенденции и перспективы жилищного строительства.

Ключевые слова: *современные тенденции, перспективы развития, урбанизация, устойчивое развитие, инновационные технологии, рынок жилья.*

Мақалада құрылыс тұрғын үй құрылысының тенденциялары мен перспективаларына көлемінің өсуі, экологиялық талаптардың күшеюі, урбанизацияның белсенділігі және мемлекеттік бағдарламалардың әсері қарастырылған.

Түйін сөздер: *заманауи үрдістер, даму перспективалары, урбанизация, тұрақты даму, инновациялық технологиялар, тұрғын үй нарығы.*

The article examines the impact of increasing construction volumes, stricter environmental regulations, active urbanization, and government programs on the trends and prospects of housing construction.

Keywords: modern trends, development prospects, urbanization, sustainable development, innovative technologies, real estate market.

XXI ғасырдағы тұрғын үй құрылысы тек құрылыс нысандарын тұрғызумен ғана шектелмейді. Бұл сала адамның өмір сүру сапасын арттыру, қоршаған ортаны сақтау, энергияны тиімді пайдалану және технологиялық прогресті енгізу мақсаттарымен тығыз байланысты. Әлемдік урбанизация, климаттың өзгеруі және халық санының артуы – құрылыс индустриясында жаңа әдістер мен тәсілдерді қажет етеді.

Құрылыс саласындағы жаңа тенденциялар – энергия тиімділігі, экология, цифрландыру және әлеуметтік ыңғайлылық – болашақтағы тұрақты дамудың негізі болмақ.

Энергия үнемдейтін технологиялар мен ақылды жүйелер тұрғындар үшін қауіпсіз әрі үнемді орта ұсынады. Ал, модульдік құрылыс пен урбанизация талаптарына сай тығыз құрылыстар – өсіп келе жатқан халық саны мен мегаполистер жағдайында тиімді шешім ретінде көрінеді [1].

Инфрақұрылыммен тығыз байланыс – жайлы өмір сүрудің негізгі шарты. Болашақта құрылыс индустриясы тек технологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік және экологиялық жауапкершілікті де алдыңғы қатарға шығарады. Сондықтан қазіргі құрылыс – бұл жай ғана баспана салу емес, бұл – адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, болашақ ұрпаққа лайықты өмір кеңістігін қалыптастыру жолы (*1-кесте*).

1-кесте – Тұрғын үй құрылысының негізгі тенденциялары

№	Тенденция атауы	Ерекшеліктері мен сипаттамасы
1.1	Энергия тиімді және экологиялық үйлер	- Жылу оқшаулағыш құрылыс материалдары - Энергия үнемдейтін жарық жүйелері (LED) - Күн және жел энергиясын пайдалану Артықшылықтары: - Коммуналдық төлемдердің азаюы - Экологияға зиянның азаюы - Ауа сапасының жақсаруы
1.2	Ақылды (Smart) үйлер	- Автоматтандырылған қауіпсіздік жүйелері (бейнебақылау, сигнализация) - Климат-бақылау (жылу, желдету) - Смартфон/дыбыспен басқару
1.3	Модульдік құрылыс	- Зауытта дайындалған құрылыс элементтері - Құрылыстың жеделдетілуі - Жобаларды оңай үлкейту/көбейту мүмкіндігі - Құрылыс сапасының жақсаруы
1.4	Урбанизация	- Қала халқының артуы - Кеңістіктің тапшылығы - Көпқабатты тұрғын үйлерге сұраныс - Ортақ кеңістіктерді пайдалану
1.5	Инфрақұрылыммен байланыс	- Үйлер мектеп, балабақша, емхана секілді әлеуметтік нысандармен жақын орналасуы - Көлік қолжетімділігі (метро, автобус) - Спорт, демалыс аймақтарының болуы

Қазақстандағы тұрғын үй құрылысы секторы экономика мен әлеуметтік дамудың маңызды тірегі болып табылады. Соңғы жылдары осы салада құрылыс көлемінің ұлғаюы, экологиялық талаптардың күшеюі, мемлекеттік бағдарламалардың қолдауы және урбанизацияның белсенді процесі байқалуда [2].

Төменде нақты статистикалық мәліметтермен үйлестірілген негізгі тенденциялар, перспективалар және әлеуметтік маңыздылық көрсеткіштері көрсетілген:

- **Құрылыс көлемінің артуы.** 2018 жылдан бастап Қазақстанда тұрғын үй құрылысы жыл сайын шамамен 10–15% өсу қарқынымен дамып келеді. Мысалы, 2023 жылы орта есеппен жыл сайын 80 000–90 000 түбегейлі тұрғын үй кешенінің ауданы құрастырылған болса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 100 000–110 000 шаршы метрді (немесе одан да көп) құрағаны белгілі.

- **Жаңа құрылыс жобалары:** Үкіметтің қолдауымен іске асырылған «7-20-25» және «100% төлемсіз» бағдарламалары аясында 2020–2024 жылдары 300 000-ден астам жаңа тұрмыстық кешен салынып, онда шамамен 700 000 тұрғын отбасыға қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету көзделді.

- **Энергия тиімділігі және экологиялық құрылыс.** Соңғы бес жыл ішінде «жасыл» құрылыс сертификаттарын алатын тұрғын үйлер саны 30–40% өсті. Мысалы, 2023 жылы экологиялық талаптарға сай салынған үйлердің үлесі жалпы салынған үйлердің 15% құраса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 20–25% деңгейіне жетті.

- **Урбанизация және құрылыс динамикасы.** Қалалық даму бойынша соңғы онжылдықта Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент және басқа ірі қалаларда тұрғын үй құрылысы белсенді дамып отыр. Мысалы, Алматы қаласының 2021–2024 жылдар аралығында жаңа тұрғын үй кешендері арқылы құрылыс ауданы 25–30% өсті, бұл урбанизация үрдісін айқын көрсетеді.

- **Құрылыстың сандық технологиясы.** 3D басып шығару, BIM (Building Information Modeling) және басқа да сандық технологияларды қолдану құрылыс уақытын қысқартып, шығындарды төмендетуге бағытталған. Бұл инновациялар кірісуді арттыра отырып, саланың экономикалық тиімділігін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

- **Тұрғын үй мен әлеуметтік теңсіздік.** Мемлекеттік бағдарламалар арқасында 2020–2024 жылдары 600 000-ге жуық отбасыға қолжетімді және арзан тұрғын үй ұсынылды. Бұл аз қамтылған және әлеуметтік жағынан осал топтар үшін маңызды.

- **Әлеуметтік тұрақтылық.** Тұрғын үй құрылысының өсуі тек экономикалық көрсеткіштерді жақсартып қана қоймай, халықтың өмір сүру сапасын арттырып, әлеуметтік теңсіздікті азайтуға ықпал етеді.

- **Қалалық инфрақұрылым және жұмыс орындары.** Жаңа тұрғын үйлердің салынуы жаңартылған мектептер, ауруханалар, көлік және коммуналдық инфрақұрылыммен бірге дамып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық өмірін жақсартады. Мысалы, Алматы мен Астанада инфрақұрылымдық жобаларға бөлінген инвестициялардың үлесі соңғы жылдары жалпы бюджеттен 15–20% құрады.

Қазіргі заманғы тұрғын үй құрылысы – бұл тек қана архитектура мен инженерия емес. Бұл – әлеуметтік, технологиялық, экономикалық және экологиялық мәселелердің қиылысқан нүктесі. Болашақта табысты құрылыс жобалары адамның қажеттіліктеріне, табиғи ортаға және цифрлық дамуға жауап бере алатын жобалар болады [3].

Қазақстандағы тұрғын үй құрылысы нарығы динамикалық өсу мен оң өзгерістердің айқын көрінісі болып табылады. Негізгі тенденциялар – құрылыс көлемінің өсуі, экологиялық талаптардың күшеюі, урбанизацияның белсенділігі және мемлекеттік бағдарламалардың әсері – халықтың тұрмыс сапасын арттыруға және экономикалық тұрақтылықты нығайтуға септігін тигізеді. Перспективалық бағыттар мен инновациялық технологиялардың енгізілуі, сондай-ақ инвестициялардың ұлғаюы саланың алдағы жылдардағы дамуын қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде әлеуметтік маңыздылық пен халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Жүнісова А.Қ. Тұрғын үй нарығындағы мемлекеттің рөлі мен даму тенденциялары// Қаржы-қаражат. – 2020. – №4. – 25–32 бб.
2. Әбдіқалық А.М., Сатова Ж.Т. Урбанизация және тұрғын үй құрылысы: өзекті мәселелер мен шешу жолдары//Қазақстан экономикасы. – 2022. – №3. – 40–47 бб.
3. Иванова И.А. Роль государства на рынке жилья // Экономика и управление. – 2021. – №3 (75). – С. 45–50.

ӘОЖ 331.108

Карсибай А., Мирас университетінің ЭУ 2311к-1 тоб. ст.

Мажитов М., Мирас университеті МП -2311 к1 тоб. ст.

Кейкова Ж.К., магистр, Мирас университетінің аға оқытушысы

КӘСПОРЫННЫҢ «КАДРЛЫҚ АШТЫҚ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖҰМЫСЫ

Бұл мақалада Қазақстанның өңірлері бойынша демографиялық шұңқырдың себептері және олардың кадрлық ашаршылыққа тікелей әсері қарастырылған.

Түйін сөздер: кадрлық аштық, еңбек нарығы, демографиялық құлдырау, халықтың көші-қоны, жалақы, еңбек нарығының поляризациясы, кәсіптік білім беру, мамандар тапшылығы, персонал аутсорсингі, адам ресурстарын басқару.

В данной статье рассмотрены причины демографической ямы по регионам Казахстана и их непосредственного влияния на кадровый голод.


Ключевые слова: кадровый дефицит, рынок труда, демографический спад, миграция населения, заработная плата, поляризация занятости, профессиональное образование, нехватка специалистов, аутсорсинг персонала, управление человеческими ресурсами.

This article examines the causes of the demographic gap in the regions of Kazakhstan and their direct impact on staff hunger.

Keywords: labor shortage, labor market, demographic decline, population migration, wages, labor market polarization, vocational education, skills gap, staff outsourcing, human resource management.

Бүгінгі таңда кадрлық аштық мәселесі барлық өңірлерде бар. Жұмыс күшінің тапшылығы кәсіптік білім деңгейінің төмендеуімен байланысты, дейді сарапшылар. Еңбек ресурстарының тапшылығы нақты әлеуметтік-экономикалық процестердің нәтижесі болып табылады және бір жағынан біз көптеген салаларда кадрлардың тапшылығын, екінші жағынан басқа салаларда кадрлардың артық болуын байқаймыз. Іс жүзінде қазақстандық еңбек нарығы барған сайын поляризациялануда [1].

Демографиялық шұңқыр әлеуметтік, экономикалық, медициналық, этикалық, ақпараттық және басқа факторлардың, соның ішінде өмір сүру деңгейінің жалпы төмендеуінің, экологиялық жағдайдың нашарлауының және халықтың денсаулығының жалпы төмендеуінің нәтижесі болып табылады. Бұл мәселені статистикаға сүйене отырып, нақтырақ қарастырыңыз.



1-сурет – Өңірлер бойынша халық саны

Ұсынылған статистикадан халықтың азаюы елдің 10 облысында байқалады: Солтүстік Қазақстан (-1,39%), Абай (-0,7%), Қостанай (-0,51%), Жетісу (-0,44%), Шығыс Қазақстан (-0,4%), Павлодар (-0,3%), сондай-ақ Қарағанды және Ұлытау (-0,12%), Ақмола және Жамбыл (-0,01%).

Ал халық санының ең жоғары өсу қарқыны (6,34%) Астана, Алматы (2,59%), Шымкент (2,55%), Маңғыстау (2,13%) және Алматы (1,75%) облыстарында орналасқан.

Халықтың өсуі туралы деректерді зерттей отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: халықтың ең көп өсуі негізінен Алматы, Астана, Шымкент, Түркістан сияқты миллионер қалаларда орын алады, өйткені бұл қалалардан белсенді даму, кәсіпорындардың ашылуы, демек, жаңа мүмкіндіктер жүріп жатыр.

Аз дамыған қалалардан адамдар үйлерін белсенді түрде тастап кетеді. Демек, перспективалық және дамуға ұмтылу кезінде қаланың өзгеру үрдісі бай-

қалады. Өмір сүру деңгейі маңызды емес, өйткені қауіпсіз баспана үшін көбірек нұсқалар, бос уақытты өткізуге болатын орындардың кең тізімі, өмір ритағы, бос жұмыс орындарының кең ауқымы. Кәсіби және жеке даму үшін көптеген мүмкіндіктер. Қол жетімді бағамен сапалы өнімдердің үлкен таңдауы. Әр түрлі мәдени өмір. Осы факторлардың барлығы адамдардың туған жерлерін қалдырып, үлкен қалаларға көшуіне әсер етеді.

Компаниялар әрдайым қанағаттандыра алмайтын жұмыс іздеушілердің өсіп келе жатқан талаптарына тап болады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы бойынша орташа жалақы 364295 теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 17,6%-ға артық, нақты мәнде жалақы 2,7%-ға өсті.

Соңғы бес жылда орташа жалақы 1,9%-ға өсті, бұл ретте әйелдердің жалақысы ерлерге қарағанда жылдам қарқынмен өсті.

Қазақстан Республикасында 2024 жылғы медианалық жалақы 285677 теңгені құрады. Номиналды жалақы 2023 жылға қарағанда 13,7%-ға өсті, нақты мәнде 4,6%-ға артты.

Салалық құрылымда 2023 жылмен салыстырғанда медианалық жалақының ең жоғары өсуі көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсынуда – 39,9%, тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсетуде – 34,7%, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда – 32,6% белгіленген.

Медианалық жалақының ең төмен өсімі ақпарат және байланыста – 4,7%, сондай-ақ денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуде 4,9% болып тіркелді.


Биыл «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ сарапшылары кадрлар тапшылығы мәселесін зерделеп, 2024-2030 жылдарға болжам жасады. Осы зерттеуге сәйкес, аталған кезеңде Қазақстанға қажетті қызметкерлердің жалпы саны 1,8 миллион адамды құрайды. Оның ішінде жоғары білімі бар қызметкерлер – 494 мың, техникалық және арнайы білімі бар қызметкерлер – 1 миллион (оның ішінде 400 мың жұмысшы мамандығы). Біліктілігі жоқ басшылар мен қызметкерлерге шамамен 300 мың қажет болады.

Салалар бөлінісінде ең көп жұмыскерлер: білім беру салаларында – 331 мың, сауда – 228 мың, құрылыс – 213 мың, денсаулық сақтау – 128 мың, әкімшілік – 119 мың, көлік және сақтау – 116 мың. Бұған ауыл шаруашылығы – 114 мың, өңдеу өнеркәсібі – 108 мың кіреді.

Құрылыс саласында жұмысшылардың тапшылығы байқалады – 111 мың. Негізінен сылақшылар мен суретшілерді, дәнекерлеушілерді, тас қалаушыларды, бетоншыларды табу қиын.

Жас топтары бойынша қызметкерлердің жалақысын салыстыру барысында ең төмен жалақыны 16-дан 24 жастағы қызметкерлер – 250518 теңге, ең жоғары жалақыны 35-тен 44 жаста (397468 теңге) және 45-тен 54 жасқа дейін (372824 теңге) алғанын көрсетеді.


Ең жоғары өсім 25-тен 34 жасқа дейінгі санатта – 14,4%, ең төмен 35-тен 44 жасқа және 55-тен 64 жасқа дейінгі санаттар – 11,6% құрады.



2-сурет – Жасы бойынша орташа айлық жалақы

Ірілендірген қызмет топтары бойынша орташа айлық жалақы. Ұлттық кәсіптер жіктеуішіндегі ірілендірілген қызмет топтары аясында ең жоғары жалақы «Басшылар мен мемлекеттік қызметшілер» тобында белгіленді және 588138 теңгені құрады, бұл «Біліктілігі жоқ жұмысшылар» жалақысынан (158922 теңге) қарағанда 3,7 есеге жоғары.

Шетел меншігіндегі кәсіпорында жұмыс істейтін бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 574408 теңгені құрады, бұл мемлекет меншігіндегі кәсіпорында жұмыс істейтін қызметкердің жалақысынан 1,9 есеге (301302 теңге) және жеке кәсіпорында жұмыс істейтін қызметкердің жалақысынан (361815 теңге) 1,6 есеге артық.



3-сурет – Меншік нысандары бойынша орташа айлық жалақы

Жалақы сияқты фактор Кадрлық аштық тақырыбымен тығыз байланысты, өйткені ол жұмысқа орналасу және одан әрі жұмысқа орналасу орнын таңдау аспектілерінің негіздерінің бірі болып табылады.

В статье рассматриваются актуальные экологические проблемы современности и предлагаются технологии зеленого строительства как возможное решение. Анализируется положительное влияние зеленых технологий на окружающую среду и их значение для устойчивого развития.

Ключевые слова: зелёное строительство, устойчивое развитие, декарбонизация, климатические изменения, энергоэффективность, возобновляемые источники энергии, водосбережение, управление отходами, экологические технологии, качество жизни.

The article explores current environmental challenges and presents green building technologies as a potential solution. It analyzes the positive impact of green technologies on the environment and their importance for sustainable development.

Keywords: green construction, sustainable development, decarbonization, climate change, energy efficiency, renewable energy sources, water conservation, waste management, environmental technologies, quality of life.

Қазіргі таңда әлем бірнеше ірі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерге тап болып отыр. Бұл проблемалар экожүйеге ғана емес, сонымен қатар қоғамның дамуына, экономикалық тұрақтылыққа және адамдардың өмір сүру сапасына да тікелей әсер етеді. Бірінші кезекте **климаттың өзгеруі** – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Жаһандық жылыну мен ауа температурасының көтерілуі, ауа райының тұрақсыздануы және табиғи апаттардың жиілеуі экологиялық тепе-теңдікті бұзуда. Бұл процестер **көмірқышқыл газымен (CO₂) ластанудың** артуымен тікелей байланысты, себебі өнеркәсіп, көлік және ғимараттардан бөлінетін зиянды қалдықтар атмосфераға шектен тыс мөлшерде таралуда. Сонымен қатар, **табиғи ресурстардың сарқылуы** – кезекті проблемалардың бірі. Таза су қорының азаюы, орман жамылғысының қысқаруы және пайдалы қазбалардың тез таусылуы тұрақты даму үшін үлкен қауіп төндіреді. **Энергия тапшылығы** да ғаламдық деңгейдегі өзекті мәселеге айналып отыр. Дәстүрлі энергия көздерінің (көмір, мұнай, газ) қоры шектеулі болғандықтан, жаңартылатын энергия көздерін дамыту қажеттілігі күн тәртібіне шықты. Қалалардың қарқынды дамуы **экологиялық жағдайдың нашарлауына** алып келді. Ауаның ластануы, жасыл аймақтардың қысқаруы және тұрғын үйлердің жайлылық деңгейінің төмендеуі урбанизация үдерісінің кері әсерлерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, **қатты тұрмыстық қалдықтардың көбеюі** және олардың қайта өңделмеуі қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіріп отыр.



1-сурет – Ғимараттардың ресурстарды пайдалануы

Қазіргі таңда әлемде миллиардтан астам ғимарат бар, және олардың қоршаған ортаға тигізетін әсері айтарлықтай үлкен. Мысалы, ғимараттар барлық ауыз судың 17%-ын тұтынады, кесілген ағаштардың 25%-ы құрылысқа пайдаланылады, ал көмірқышқыл газының жалпы шығарындыларының 33%-ы осы

секторға тиесілі. Сонымен қатар, құрылыс саласы барлық материалдар мен энергияның 40%-ын қолданады. Халық санының өсуімен бірге ғимараттарға деген қажеттілік артып, табиғи ресурстардың сарқылуы және қалдықтардың көбеюі өзекті мәселеге айналады. Әсіресе, урбанизацияның қарқынды жүруі нәтижесінде көмірқышқыл газының 80%-ын шығаратын халықтың 50%-дан астамы қалалық аймақтарда өмір сүріп жатыр.

Көмірқышқыл газы (CO₂) – климаттың өзгеруіне ең үлкен әсер ететін парниктік газдардың бірі. Оның мөлшерінің артуы жаһандық жылынуға, ауа райының тұрақсыздануына және табиғи апаттардың жиілеуіне әкеледі. Қазақстанда CO₂ шығарындыларының негізгі көздері – өнеркәсіп, көлік және ғимараттардың жылу жүйелері. Елдегі электр энергиясы негізінен көмірден өндіріледі, бұл атмосфераға көп мөлшерде зиянды газдардың бөлінуіне себеп болады. Сонымен қатар, автокөліктер мен ауыр өнеркәсіп салалары да көмірқышқыл газының жоғары деңгейіне ықпал етеді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда CO₂ шығарындылары 2021 жылы 261,9 млн тоннаға жетті, бұл 2009 жылғы көрсеткіштен әлдеқайда жоғары. Орташа есеппен, бір қазақстандық жылына 16-18 тонна көмірқышқыл газын шығарады. Бұл көрсеткіш әлемдік орташа деңгейден әлдеқайда жоғары екенін көрсетеді. Энергия тиімділігі артқанымен, елде парниктік газдар шығарындыларының азаюы айтарлықтай байқалмайды.

Су ресурстарын тиімді пайдалану да жасыл құрылыс технологияларының басты бағыттарының бірі. **Су – сарқылмайтын ресурс емес**, сондықтан оған ұқыпты қарау қажет. Жер бетінің **3/4 бөлігі сумен жабылғанымен**, бірақ оның **тек 2,5%-ы ғана** ішуге жарамды. Оның өзі түгелдей қолжетімді емес, себебі көп бөлігі мұздықтарда қатқан күйде сақталған. Тұщы суға деген **сұраныс жыл сайын артып келеді**, ал қорларды толықтыру баяу жүреді. **Қазақстанда су ресурстарының тапшылығы айқын сезілуде. Сарапшылардың болжамына сүйенсек, 2040 жылға қарай су тұтыну көлемі 40%-ға артады. Ал қазіргі таңда 1 543 ауылдың 544 мың тұрғыны таза ауыз суға толықтай қол жеткізе алмай отыр.** Бұл – қоғам мен мемлекет үшін алаңдататын мәселе. Суды үнемдеу – әрбір адамның саналы әрекетін талап ететін жауапкершілік. Оны іске асыру үшін күнделікті дағдыларымызды өзгертіп, суды ұқыпты пайдалануымыз керек. Артық ысырапқа жол бермеу, су көздерін ластамау, экологиялық таза технологияларды енгізу – болашақ ұрпақтың әл-ауқатын қамтамасыз етудің басты шарттары.

Кейбір ғимараттар жаңбыр суын жинап, оны техникалық қажеттіліктерге қайта пайдаланады, ал су үнемдейтін сантехникалық жабдықтар судың артық шығынын болдырмайды. Қазіргі таңда урбанизацияның қарқынды дамуы нәтижесінде табиғи су айналымы бұзылып, қалалық аудандарда су тасқыны жиі орын алады. Асфальт, бетон сияқты өткізбейтін материалдардың көбеюі жаңбыр суының жерге сіңуіне кедергі жасап, нәтижесінде жер үсті ағындарының көлемі артады. Бұл жағдай өзен-көлдердің ластануына, инфрақұрылымның зақымдалуына және судың ысырап болуына әкелуі мүмкін. Жаңбыр суын тиімді басқару үшін бірқатар экологиялық шешімдер қарастырылады. Олардың ішінде жаңбыр суын жинау жүйелері, жасыл шатырлар, өткізгіш жол жабындары және жасыл инфрақұрылым элементтері бар. Мұндай ғимараттар айналадағы температураны тұрақтандырып, ауа сапасын жақсартуға көмектеседі.

Соңғы жылдары Қазақстанда қатты тұрмыстық қалдықтардың (ҚТҚ) және муниципалдық қалдықтардың (МК) көлемі мен оларды қайта өңдеу көрсеткіштері өзгеріп келеді. Қалдықтарды басқару – экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызды мәселелердің бірі. Статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, **2015 жылы Қазақстанда 5,4 млн тонна қатты тұрмыстық қалдық пайда болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 4,3 млн тоннаға дейін азайған.** Бұл халықтың экологиялық мәдениетінің артуымен және қалдықтарды басқару шараларының күшеюімен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, қайта өңдеу деңгейі де өскені байқалады. Егер **2015 жылы ҚТҚ қайта өңдеу үлесі 1,8% ғана болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 23,7%-ға жетті.** Бұл Қазақстанда қалдықтарды қайта өңдеу инфрақұрылымының біртіндеп дамып жатқанын көрсетеді. Муниципалдық қалдықтарға келетін болсақ, олардың көлемі салыстырмалы түрде тұрақты болып отыр. **2010 жылы 3,7 млн тонна қалдық жиналса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 4,1 млн тоннаға жетті.** Дегенмен, қайта өңдеу деңгейі айтарлықтай артқан. **2015 жылы муниципалдық қалдықтарды қайта өңдеу 3% болса, 2023 жылы 13,6%-ға дейін өсті.**

Жалпы алғанда, Қазақстанда қалдықтарды өңдеу саласы біртіндеп дамып келеді, бірақ әлі де болса жетілдіруді қажет етеді. Дамыған елдерде қалдықтарды қайта өңдеу деңгейі **30-50%** аралығында болса, Қазақстанда бұл көрсеткіш әзірге төмен. Сондықтан «**жасыл технологияларды**» енгізу, қалдықтарды сұрыптау жүйесін жетілдіру және қайта өңдеу кәсіпорындарының санын арттыру маңызды қадамдардың бірі болмақ [2].

Қазақстанның қалдықтарды басқару прогресі: 2015-2023



2-сурет – Қалдықтарды басқару, 2015-2023

Осы аталған экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің тиімді жолдарының бірі – **жасыл құрылыс технологияларын кеңінен қолдану.** Бұл әдістер ғимараттардың энергия тиімділігін арттыруға, табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерді барынша азайтуға бағытталған. Сонымен қатар, жасыл құрылыс қалалардағы экологиялық жағдайды жақсартып, адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Жасыл құрылыс жүйелері – ғимараттарды жобалау, салу және пайдалану барысында экологиялық таза материалдарды қолдануды, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды, суды үнемдеуді және қалдықтарды тиімді басқаруды қамтиды. Бұл тәсіл жабық циклді экономиканы дамытуға мүмкіндік береді, яғни қалдықтарды қайта өңдеп, оларды жаңа құрылыс материалдары ретінде пайдалану арқылы табиғи ресурстарға түсетін жүктемені азайтады.

Осы тұста **«Жасыл құрылыс – болашаққа бастар жол!»** екенін ерекше атап өту қажет. Оның негізгі бағыттары:

- ✓ Энергияны тиімді қолдану;
- ✓ Жаңартылатын энергия көздерін енгізу;
- ✓ Экологиялық құрылыс материалдарын пайдалану;
- ✓ Суды үнемдеу және қайта қолдану;
- ✓ Табиғи жарықтандыруды тиімді пайдалану [1].

Бұл тәсіл тек экономикалық тиімділікке қол жеткізуге емес, сонымен қатар табиғатпен үйлесімділік пен экологиялық жауапкершілікті қамтамасыз етуге бағытталған. Жасыл құрылыс аясында жүзеге асырылатын шаралар ғимараттардың пайдалану кезеңінде энергия мен су шығындарын айтарлықтай төмендетіп, қалдықтарды тиімді басқару арқылы қоршаған ортаның таза күйін сақтауға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай әдіс тұрғындарға таза ауа, табиғи жарық пен қолайлы климаттық жағдайларды қамтамасыз етіп, денсаулыққа оң әсерін тигізеді, осылайша өмір сүру сапасы мен жұмыс өнімділігі артады. Сонымен қатар, жасыл құрылыс қоғамдағы экологиялық мәдениетті нығайтып, адамдардың табиғатқа деген құрметі мен жауапкершілігін арттырады, бұл өз кезегінде болашақ ұрпаққа таза, қауіпсіз және үйлесімді орта қалдыруға мүмкіндік береді. Осы тәсілдің арқасында экономикалық және әлеуметтік даму бір уақытта қол жеткізіліп, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу мен экожүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету салаларында елеулі жетістіктерге қол жеткізуге болады. Жасыл құрылысқа инвестиция салу, заманауи технологияларды енгізу мен инновациялық әдістерді дамыту – бұл тек шығындарды азайту мен экологиялық қауіпсіздікті арттыру ғана емес, сонымен қатар елдің тұрақты дамуына, қоғамның әл-ауқаты мен денсаулығына оң әсер ететін кешенді стратегияның негізі болып табылады. Осылайша, жасыл құрылыс – табиғат пен адам арасындағы үйлесімді байланысты қамтамасыз етіп, біздің өмір сүру ортамызды жақсарту мен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің ең тиімді жолдарының бірі болып табылады [3].

Декарбонизация мен жасыл құрылыс қатар жүріп, біздің ғаламшарымыздың климаттық тұрақтылығын сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Жасыл ғимараттардың тағы бір маңызды ерекшелігі – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану. Күн панельдері мен жел генераторлары ғимараттың өз электр энергиясын өндіруіне мүмкіндік береді. Бұл тек экологияға оң әсерін тигізіп қоймай, ұзақ мерзімді перспективада энергия шығындарын азайтады. Сонымен қатар, жасыл ғимараттарда ақылды басқару жүйелері қолданылады. Мұндай жүйелер

жарықтандыруды, жылыту мен салқындатуды автоматты түрде реттеп, электр қуатын үнемдеуге көмектеседі. **2023 жылдың соңына қарай елімізде жаңартылатын энергия көздерінің үлесі 5%-дан асты**, оның ішінде күн және жел станциялары негізгі рөл атқаруда. Елімізде жасыл құрылыс жобаларының саны артып, ірі бизнес орталықтары мен жоғары сапалы тұрғын үй кешендері жүзеге асырылуда, бұл өз кезегінде энергия тұтынуды азайту, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қалдықтарды қайта өңдеу арқылы қоршаған ортаға жағымды әсер етуге бағытталған. Мемлекет тарапынан «Жасыл ипотека» және ұлттық OMIR сертификаты сияқты қолдау шаралары жүзеге асырылып, инвесторлар мен құрылыс компанияларының назарын аударуда. Дегенмен, жасыл құрылыс технологияларының кеңінен қолданылуы әлі де салыстырмалы түрде шектеулі болып, саланың дамуына кейбір техникалық, қаржылық және нормативтік кедергілер әсер етуде. Қазақстанда жасыл құрылыс стандарттарын толықтай енгізу үшін мемлекеттік қолдау, қаржылық ынталандыру және экологиялық заңнамаларды жетілдіру маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, халық арасында экологиялық сананы арттыру және құрылыс компанияларын жасыл технологияларды енгізуге ынталандыру қажет.

Жасыл құрылыс – тек құрылыс технологияларының өзгерісі ғана емес, бұл адамзаттың болашақ ұрпақ үшін экологиялық таза әрі жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға деген саналы қадамы.

Әдебиеттер:

1. *Green Building Technology. Rubenius. 2023.*
2. *Жанұзақов С. Қалалардағы жасыл құрылыс жүйесі және энергия үнемдеу технологиялары // Құрылыс және сәулет. – 2022. – №4. – 28–32 бб.*
3. *International Renewable Energy Agency (IRENA). Renewable Capacity Statistics, 2023.*

ӘОЖ 69.003

Төрмұратова Ж.Б., ХБК (ҚазБСҚА) ЭМС-22-3 тоб. ст.

Ильясова К.И., э.ғ.м., ХБК (ҚазБСҚА) проф.-ассист.

ESG СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНА ӘСЕРІ

Мақалада ESG стандарттарының құрылыс саласына әсері қарастырылған.

Түйін сөздер: тұрақты даму, ESG стандарттары, экологиялық жауапкершілік, әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару, жасыл экономика, инвестициялық тартымдылық, декарбонизация, корпоративтік тұрақтылық, бизнестің бәсекеге қабілеттілігі.

В статье рассматривается влияние стандартов ESG на строительную отрасль.

Ключевые слова: устойчивое развитие, ESG-стандарты, экологическая ответственность, социальная ответственность, корпоративное управление, зелёная экономика, инвестиционная привлекательность, декарбонизация, корпоративная устойчивость, конкурентоспособность бизнеса.

The article examines the impact of ESG standards on the construction industry.

Keywords: sustainable development, ESG standards, environmental responsibility, social responsibility, corporate governance, green economy, investment attractiveness, decarbonization, corporate sustainability, business competitiveness.

Қазіргі заманда тұрақты даму – бұл компаниялардың қоғам мен қоршаған ортаға ұзақ мерзімді оң әсерін қамтамасыз ететін іскерлік моделдерді құрудың негізгі бағытына айналды. Бұл тренд ESG (Environmental, Social, Governance) стандарттары арқылы көрініс табады.

ESG (Экологиялық, әлеуметтік және басқару) стандарттары компанияға немесе бизнеске инвестициялардың тұрақтылығы мен әлеуметтік әсерін бағалаудың үш негізгі факторы болып табылады. Басқаша айтқанда, ESG стандарттары коммерциялық қызметтің тұрақты дамуын білдіреді, ол мынадай қағидаттарға негізделеді:

E (экологиялық) – қоршаған ортаға жауапты қарым-қатынас;

S (әлеуметтік) – жоғары әлеуметтік жауапкершілік;

G (басқару) – корпоративтік басқарудың жоғары сапасы.


Экология (Environmental): компаниялардың табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануы, зиянды эмиссияларды азайтуы, су мен энергияны үнемдеуі. *Мысалы: қалдықтарды қайта өңдеу, жаңартылатын энергия көздерін енгізу (1-сур.).*



1-сурет – Компанияның тұрақты құрылыс циклін сақтаудағы экологиялық стандарттардың рөлі

Әлеуметтік (Social): жұмысшылардың қауіпсіздігі, адам құқықтарын қорғау, әрқайсысына тең мүмкіндіктер беру (инклюзивтілік), жергілікті қауыммен ынтымақтастық. *Мысалы: ашық диалог жүргізу, әлеуметтік жобаларды қолдау (2-сур.).*

Әлеуметтік жауапкершілік стратегиялары



2-сурет – Әлеуметтік жауапкершілік стратегиялары арқылы компания тиімділігін арттыру.

Басқару (Governance): компания басқаруының ашықтығы, коррупцияға қарсы күрес, заңдар мен этикалық нормаларды сақтау. *Мысалы: мүдделі тараптарға есеп беру, тәуекелдерді басқару (3-сур.).*

Тиімді корпоративтік басқарудың элементтері



3-сурет – Тиімді корпоративтік басқарудың элементтері.

Willard-тың «Seven Business Case Benefits of a Triple Bottom Line» зерттеуінің нәтижелері ESG стандарттарын енгізудің бизнеске әлеуметті қаржылық және стратегиялық артықшылықтарын нақты көрсетеді. Компаниялар тұрақты даму

әдістерін қолданғанда, олардың рентабельділігі мен тартымдылығы бірнеше жыл ішінде едәуір өсуі мүмкін деген қорытындыға келуі – осы стандарттардың тиімділігін айғақтайды.

Бұл деректер ESG-ны тек моральдық немесе экологиялық жауапкершілік емес, сонымен қатар тұрақты пайда әкелетін стратегиялық құрал ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

ESG стандарттары қарқынды дамып келеді. Егер 2000-шы жылдардың басында АҚШ-та 20 компания ғана ESG рейтингіне ие болса, 2020 жылға қарай олардың саны 800-ге дейін өсті. ESG стандарттарын қолданатын компаниялардың бірнеше мысалы: (Unilever, Tesla, Microsoft). Ал қазақстандық компанияларға келер болсақ: ENI компаниясы ESG стандарттарын енгізу арқылы экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілерін жақсартуға бағытталған. Олар парниктік газ шығарындыларын азайту, биоалуантүрлілікті қорғау және корпоративтік ашықтықты қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

ESG стандарттарының тиімділігін көрсететін нақты мысалдар:

ENI компаниясы	КПО (Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг)
<p>ENI компаниясы ESG стандарттарын енгізу арқылы экологиялық тұрақтылықты арттырып, ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізді. Бұл компанияның экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік берді.</p>	<p>КПО компаниясы ESG стандарттарын қолдана отырып, парниктік газ шығарындыларын азайту, су ресурстарын басқару және қалдықтарды тиімді өңдеу сияқты экологиялық бастамаларды жүзеге асырды. Сонымен қатар, компания қызметкерлердің жалақысын арттырып, жергілікті кадрларды дамытуға ерекше көңіл бөлді.</p>

КПО (Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг) – Қазақстандық мұнай-газ компаниясы ESG стандарттарын қолдану арқылы тұрақты даму стратегияларын жүзеге асырады. Олар парниктік газ шығарындыларын азайту, су ресурстарын басқару және қалдықтарды тиімді басқару сияқты экологиялық бастамаларды жүзеге асырады.² *ҚазМұнайГаз* – Қазақстандағы ірі мұнай-газ компаниясы ESG қағидаттарын белсенді түрде қолданады. Олар экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілерін жақсарту бойынша шаралар қабылдайды.

ESG стандарттарын енгізу бастапқы кезеңде қаржылық шығындар мен уақытты талап етеді, бірақ кейінірек бұл компанияның пайдасына елеулі түрде оң әсер етеді. Бұл, әсіресе, жаңа технологияларды енгізу мен процестерді жақсартуды қажет ететін өндірістік секторлар үшін маңызды. Сонымен қатар, эмпирикалық зерттеулердің 90%-дан астамы ESG стандарттары мен компаниялардың қаржылық көрсеткіштері арасындағы оң байланысты көрсетеді, бұл олардың ұзақ мерзімді құндылығын нақтылайды.

PwC Kazakhstan 2023 жылы жариялаған зерттеуге сәйкес, Қазақстанда 96 компанияның (2021 жылы – 107 ұйымның) қатысты зерттеу жүргізілген. Рейтингіті құру үшін жылдық есептер, ESG есептері және әлеуметтік есептер талданады. Келесі кезеңде ESG ақпараттарының толықтығы, сапасы және қолжетімділігі бағаланады. Осылайша, қорытындылай келе, қазақстандық компаниялардың ESG стандарттары бастамасы туралы хабардарлығының артып келе жатқанын және бұл тәжірибеде барған сайын кеңінен қолданылатынын атап өту керек (3-сур.).

Топ-10 лучших компаний по раскрытию ESG-информации в 2019 и 2022 гг.

www.economy.kz

EC[ON]OMY

Позиция 2019	Компания	Позиция 2022	Компания
1	АО НК «КазМунайГаз»	1	АО НК «КазМунайГаз»
2	АО НАК «Казатомпром»	2	АО НАК «Казатомпром»
3	АО «КазТрансОйл»	3	АО НК «QazaqGas»
4	АО «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями»	4	АО «Самрук-Энерго»
5	KAZ Minerals, Plc	5	АО «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.»
6	АО «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.»	6	АО «Казахтелеком»
7	АО «Народный Банк Казахстана»	7	АО НК «Қазақстан темір жолы»
8	АО «Отбасы банк»	8	АО «АК Алтыналмас»
9	АО «Самрук-Энерго»	9	АО «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями»
10	АО «НУХ Байтерек»	10	АО «КазТрансОйл»

Источник: составлено автором по данным PwC Kazakhstan

3-сурет – PwC Kazakhstan 2023 жылы жариялаған зерттеу.

2023 жылғы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның тұрақты даму жөніндегі есебіне сәйкес, компания қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындарын жыл сайын арттырып келеді. Мысалы, 2021 жылы қалдықтарды өңдеу мен орналастыруға 12 750,86 мың теңге бөлінсе, 2023 жылы бұл мақсатқа 22 888,85 мың теңге жұмсалған.

Экологиялық тәуекелдерді тиімді басқару үшін компания экологиялық қызметті басқару тәсілдерін үнемі жетілдіріп, қажетті ресурстарды бөледі. Экологиялық шығындарға мыналар кіреді: эмиссияға қатысты салықтар, табиғатты қорғау шараларына жұмсалатын қаражат, экологиялық сақтандыру, өтемақы төлемдері, қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған инвестициялар және т.б.

2015 жылдан бері мұнай қалдықтарын өңдеуге салынған инвестициялар 3 есеге артқан және бұл бағыт экологиялық шығындардың үштен бірінен астамын құрап отыр. 2023 жылы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар, эмиссиялық төлемдерді қоса алғанда, 57,7 млрд теңгені құраған.

Бұл қаражаттың басым бөлігі тарихи қалдықтарды өңдеуге, мұнаймен ластанған аумақтарды рекультивациялауға, ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға бағытталған тазарту нысандарын жаңғыртуға, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын іске асыруға, сондай-ақ фильтрлер мен катализаторларды орнату сияқты техникалық және ұйымдастырушылық шараларға жұмсалған.

Неге ESG маңызды?

Эпидемиялар, табиғи апаттар (су тасқыны, өрттер), климаттың өзгеруі (мұздықтардың еруі), әлеуметтік теңсіздіктер сияқты жаһандық мәселелер тұрақты дамудың өзектілігін арттырды. Бұрын ESG тек «сән» болса, қазір ол бизнес үшін стратегиялық қажеттілікке айналды. Мысалы:

- Инвесторлар ESG-бағдарланған компанияларға қарай қаражатты бағыттайды.

- Тұтынушылар экологиялық өнімдерді және әділ брендтерді таңдайды.

- Мемлекеттер компанияларды ESG-ті ескеруге заңдар арқылы міндеттейді.

Зерттеу барысында ESG тақырыбының кең ауқымды қамтитыны және оның барлық қырлары бойынша ғылыми әдебиеттердің жетіспеушілігі байқалды. Сонымен қатар, ESG көрсеткіштерін біріздендірілген стандарттар мен метрикалардың жоқтығы бұл саланың дамуын тежейтін фактор ретінде қарастырылды.

Жоғары ESG рейтингтері бар компаниялар инвесторлар арасында танымалдыққа ие болып, қаржылық көрсеткіштерін жақсартады. Дегенмен, ESG стандарттарын енгізу және жаңа технологияларды енгізу бастапқы кезеңде компаниядан едәуір шығындар мен уақытты талап етеді. Бірақ ұзақ мерзімді перспективада бұл процестер компанияның тиімділігі мен көрінуін жақсартуға, сондай-ақ стратегиялық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әкеледі. Сонымен қатар, зерттеулер ESG стандарттары мен компанияның қаржылық көрсеткіштері арасында 90%-дан астам оң корреляция бар екенін көрсетті.

Әлеуметтік бастамаларға салынған инвестициялар жергілікті қауымдастықтар мен мүдделі тараптардың саны арасында әлсіз байланыс көрсеткенімен, бұл компанияның беделінің жақсаруына ықпал ететінін атап өту керек. Зерттеу қорытындылары ESG стандарттарының әсерін толық түсіну үшін көпжылдық деректер мен тереңірек талдау қажеттілігін көрсетеді. Сондай-ақ, ESG стандарттары әрдайым тез нәтиже бермейтінін, бірақ ұзақ мерзімді артықшылықтар ұсынатынын ескеру маңызды.

Қорытынды

ESG стандарттары тек «жасыл имидж» құруға арналған құрал емес. Бұл – бизнестің тұрақтылығын, бәсекеге қабілеттілігін және қоғамдық сенімділігін арттыратын инновациялық тәсіл. Табиғат пен адамдарға зиян келтірмей, пайда табу мүмкін екенін ESG дәлелдеп көрсетуде. Құрылыс нарығындағы компаниялардың бәсекеге қабілеттігін арттырып, сапасын жақсартатын бастама болмақ.

Әдебиеттер:

1. Хассан Ханиф *Technology & Sustainability in Construction Management: Embrace sustainability and use eco-friendly materials/ киман - LAP LAMBERT Academic Publishing 2024.*
2. *QazaqGreen// сала жаңалықтары.*
3. *Насколько активно внедряются ESG-стандарты в корпоративном секторе Казахстана// Демидов Владимир// standard.kz*
4. *Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару //ranking.kz*

UDC 69.059

Temirzhanuly A., Student of Group EMS 23-1, International Educational Corporation (KasGASA)

Adilova D.A., Associate Professor-Researcher, PhD in Economics, International Educational Corporation (KasGASA)

RISK MANAGEMENT IN CONSTRUCTION: MODERN METHODS AND TOOLS

This article proposes a collective risk management model tailored to Kazakhstan's construction sector, uniting experts, AI, BIM, and public input for more transparent and resilient project delivery.

Keywords: *construction risk management, collective model, BIM, artificial intelligence, public participation, independent experts, infrastructure projects, transparency, digital technologies, Kazakhstan.*

Мақалада Қазақстандағы құрылыс тәуекелдерін азайту үшін сарапшыларды, AI, BIM және қоғам қатысуын біріктіретін ұжымдық басқару моделі ұсынылады.

Түйін сөздер: *құрылыстағы тәуекелдерді басқару, ұжымдық модель, BIM, жасанды интеллект, қоғамдық қатысу, тәуелсіз сарапшылар, инфрақұрылымдық жобалар, ашықтық, цифрлық технологиялар, Қазақстан.*

В статье представлена модель коллективного управления рисками в строительстве Казахстана, объединяющая экспертов, ИИ, BIM и участие общества для повышения прозрачности и устойчивости проектов.

Ключевые слова: *управление рисками в строительстве, коллективная модель, BIM, искусственный интеллект, участие общественности, независимые эксперты, инфраструктурные проекты, прозрачность, цифровые технологии, Казахстан.*

The construction industry in Kazakhstan is experiencing rapid growth, driven by urban expansion and national development programs. However, large-scale infrastructure projects often face serious challenges related to budget overruns, delays, safety issues, and lack of public trust. Traditional, centralized decision-making approaches frequently fail to address these complex risks effectively.

This paper proposes a collective model of risk management that integrates expert insight, digital technologies (AI and BIM), and structured public involvement. This approach unites technical accuracy, predictive analytics, and social legitimacy into a unified decision-making mechanism.

Construction projects involve a wide range of risks that affect costs, timelines, safety, and public trust. These risks are interconnected and often originate from both

technical and non-technical causes. In the context of Kazakhstan's construction sector, four main categories of risk can be identified:

- Technical risks (35%) – design flaws, engineering errors, and use of inadequate materials;
- Organizational risks (25%) – poor coordination, weak management structures, and unclear responsibilities;
- Financial risks (20%) – budget overruns, delayed funding, and lack of financial transparency;
- Social risks (20%) – environmental resistance, public dissatisfaction, and reduced usability of infrastructure.

While global data indicate that technical risks are the most frequently cited causes of construction failure, numerous studies emphasize that these problems often originate from deeper organizational weaknesses. For instance, McKinsey & Company (2020) reported that poor project planning and coordination account for over 40% of cost and time overruns in global construction. Liberty Mutual's 2022 construction risk survey identified organizational risk factors as a primary cause of financial losses. In Kazakhstan, although detailed national statistics are not publicly available, large-scale project failures—such as the Astana LRT—illustrate similar patterns.

The proposed model consists of three independent, yet interconnected elements: (1) an expert group, (2) a digital analytical layer, and (3) public participation. Each plays a distinct role and contributes to balanced and transparent decision-making.

- Independent Experts act as the central decision-making authority. This group includes engineers, economists, architects, and urban planners who are independent from contractors or clients. Their role is to evaluate feasibility, safety, cost-effectiveness, and regulatory compliance. Experts are responsible for interpreting all inputs—digital simulations and public feedback—and making the final project decisions.

- The Digital Analytical Layer, combining Building Information Modelling (BIM) and Artificial Intelligence (AI), assists experts in forecasting and verifying construction data. BIM models technical and financial parameters of the project, while AI analyses historical and real-time data to predict risk scenarios. In addition to analysis, this layer actively supports project execution, guiding both the design phase (through simulation and planning) and the construction phase (through real-time monitoring and adaptive scheduling).

- Public Participation serves as a social filter. Citizens can contribute through digital voting platforms, participatory planning surveys, and mobile applications. A dedicated digital platform collects, organizes, and transmits this input directly to the expert group. Although public opinion does not carry direct authority, it shapes decision-making by reflecting user-centric values such as accessibility, comfort, and social impact. This creates a continuous feedback loop that helps experts adapt plans to public needs.

Together, these three components ensure that decision-making in construction is not only technically sound but also socially responsive and forward-looking.

This diagram presents a triadic structure of independent experts, digital tools (AI and BIM), and public input connected through a structured platform and feedback loop.

Experts act as the final decision-makers, supported by digital analysis and citizen engagement to deliver validated, risk-managed construction plans.




Figure 1 – The Collective Risk Management Model

The Light Rail Transit (LRT) project in Astana serves as a key example of ineffective risk management in Kazakhstan’s construction sector. Initially launched as a modern transportation initiative, the project received substantial financial backing and international attention. However, after years of delays and significant financial losses, construction was halted.

Investigations revealed that technical flaws were not the main cause of failure. Instead, the project suffered from poor organizational planning, lack of independent expert review, weak public accountability, and unclear decision-making. These issues highlight the consequences of excluding key risk factors and failing to apply a transparent, multi-stakeholder approach.

Had the proposed collective model been applied, many of these risks could have been detected earlier. BIM and AI could have identified delays, cost escalations, and inefficiencies in design, while expert involvement would have questioned feasibility. Public feedback could have improved route planning and community acceptance.

The Astana LRT case illustrates how centralization and opacity lead to failure—and why construction risk management in Kazakhstan must evolve.

A prominent example of collaboration in construction is Integrated Project Delivery (IPD), commonly used in the United States, Sweden, and Japan. IPD creates a unified project team composed of the client, architect, contractor, and consultants under a single, shared-risk agreement. Its effectiveness lies in early collaboration, mutual incentives, and integrated workflows supported by tools such as BIM.

While IPD has shown significant success—reducing project delays by up to 30% and cost overruns by 20–25%—its application relies on strong institutional systems and legal mechanisms. In Kazakhstan, where governance is centralized and trust between actors is limited, such contractual alignment may be less effective.

The proposed model adapts IPD’s collaborative logic to the Kazakh context. It replaces contractual unity with independent expert authority, expands the role of digital tools (AI and BIM) into active risk analysis, and incorporates public participation as a

separate but essential component. This ensures transparency and legitimacy even in low-trust environments.

While the proposed collective model presents a promising framework for improving risk management in Kazakhstan's construction sector, several institutional and practical challenges may hinder its adoption. Addressing these barriers requires targeted reforms, infrastructure development, and pilot testing.

Challenge 1: Centralized decision-making and lack of transparency.

Solution: Introduce legal requirements for independent expert reviews and open project evaluation registers.

Challenge 2: Underdeveloped digital infrastructure.

Solution: Fund training for specialists and provide software access for SMEs.

Challenge 3: Lack of public engagement mechanisms.

Solution: Create structured public feedback systems via digital platforms.

Challenge 4: Risk of formalization without real influence.

Solution: Implement mandatory response protocols for decision-makers.

Pilot Implementation Plan:

Apply the model to a mid-scale public project (e.g., a school or clinic in Almaty or Astana) involving:

- Independent expert group
- BIM + AI for planning
- Public voting platform
- Transparent reporting of decisions

This paper presented a collective model for construction risk management that addresses the limitations of traditional and contract-based approaches like IPD. By assigning responsibility to an independent expert group, enhancing decision-making through digital tools (BIM and AI), and formalizing public participation, the proposed model introduces a multi-perspective framework adapted to Kazakhstan's institutional environment.

Unlike IPD, which depends on contractual unity and internal collaboration, this model emphasizes external transparency, expert accountability, and public legitimacy. It is specifically designed for settings where trust between stakeholders is low, and regulatory frameworks are still developing.

The failure of the Astana LRT project exemplifies the risks of centralized planning and insufficient oversight. The collective model, if piloted and institutionalized, can prevent such outcomes by identifying risks early, balancing stakeholder interests, and aligning projects with societal needs.

Future implementation will require legal reforms, investment in digital infrastructure, and political support for open governance. With these conditions in place, the proposed model can become a blueprint for a more transparent, efficient, and socially grounded construction sector in Kazakhstan and beyond.

References:

1. McKinsey & Company. *Reinventing Construction: A Route to Higher Productivity*. – New York: McKinsey Global Institute, 2020. – 78 p.
2. Liberty Mutual Insurance. *Global Construction Risk Assessment Report*. – Boston: Liberty Publications, 2022. – 56 p.
3. HDR Inc. *Benefits of Integrated Project Delivery*. – Omaha: HDR Publishing, 2022. – 45 p.

Раздел V

ГЕОДЕЗИЯ И КАРТОГРАФИЯ. ЗЕМЛЕУСТРОЙСТВО И КАДАСТР

УДК 528.8(574)

Асанов Е.Б., магистрант гр. МГео23 МОК (КазГАСА)

Кузнецова И.А., к.т.н., ассоц. проф.-исследователь МОК (КазГАСА)

ИЗМЕНЕНИЕ ПЛОЩАДИ ВОДОХРАНИЛИЩА КАПЧАГАЙ ПО ДАННЫМ ДЗЗ

В данной статье рассматривается мониторинг изменений площади водной поверхности Капчагайского водохранилища с использованием разновременных снимков.

Ключевые слова: дистанционное зондирование Земли, космические снимки, водные объекты, мониторинг водохранилищ, береговая линия, площадь водной поверхности, Landsat, ArcGIS, Капчагайское водохранилище, экологический мониторинг.

Бұл мақалада әр түрлі уақыттық суреттер арқылы Қапшағай су қоймасының су беті ауданының өзгерістерін бақылау талқыланады.

Түйін сөздер: жерді қашықтан зондтау, ғарыштық түсірілімдер, су нысандары, су қоймаларын мониторингтеу, жағалау сызығы, су бетінің ауданы, Landsat, ArcGIS, Қапшағай су қоймасы, экологиялық мониторинг.

This article monitors changes in the water surface area of the Kapchagay reservoir using multi-temporal images.

Keywords: remote sensing, satellite imagery, water bodies, reservoir monitoring, shoreline dynamics, water surface area, Landsat, ArcGIS, Kapchagay Reservoir, environmental monitoring.

Одним из наиболее используемых методов наблюдения за изменением параметров водной поверхности является метод дистанционного зондирования Земли (ДЗЗ). Использование методов ДЗЗ позволяет получать необходимые данные о состоянии водных объектов без непосредственного контакта с ними. Это очень эффективно, т.к., как правило, водные объекты имеют большие размеры и протяженность.

Применяя современные системы ДЗЗ можно значительно упростить процесс получения достоверной информации о водоемах. Получение своевременной информации об изменениях, происходящих на объекте исследования, способствует более оперативному решению для оценки экологических последствий на больших территориях. Высокая частота получения информации позволяет проводить слежение за различными изменениями, происходящими на земной поверхности, в том числе и водными объектами [1, 2, 3].

Исследования, проводимые по космическим снимкам, дают возможность своевременно выявлять происходящие изменения в окружающей среде, прогнозировать экологическое состояние исследуемой территории и разрабатывать мероприятия для устранения негативных последствий [4, 5].

Для обеспечения точности космических снимков требуется комплексная предварительная обработка данных. Этот процесс включает радиометрическую калибровку, направленную на устранение искажения сигналов, и атмосферные коррекции, что позволяет уменьшить влияние атмосферных условий на данные наблюдений. Эти шаги являются обязательными для получения качественной информации о состоянии водоема, включая площадь, уровень и качество воды.

К специалистам, которые работают с предоставленными для обработки данными, предъявляются необходимые требования, заключающиеся в аналитических способностях и качественной подготовки навыков практической работы со снимками исполнителя. Высокий уровень квалифицированных специалистов позволяет более точно анализировать полученные результаты и принимать обоснованные решения на основе полученной информации.

Эти данные обеспечивают исследования природных ресурсов и составления тематических карт. Они позволяют проследить динамику изменений состояния объектов на основе разновременных космических снимков, отражающих предыдущее и современное состояние исследуемого объекта. Выполнить расчет индексов для выявления и анализа характеристик водных объектов на основе предоставленных данных дистанционного зондирования [6, 7].

В задачу данного исследования входило наблюдение и анализ изменения положения береговой линии и площади водной поверхности объекта. Мониторинг состояния Капчагайского водохранилища, местоположение которого показано на рисунке 1, являющегося одним из крупнейших в Казахстане, выполнялся с использованием разновременных космических снимков Landsat 8–9 в связи с большой территорией, занимаемой водохранилищем [8].









Рисунок 1 – Географическое положение водохранилища Капчагай

Для исследования были выбраны космические снимки за 2022, 2023 и 2024 годы, что позволило получить данные об изменении площади водохранилища за три года. При этом выбирались снимки весеннего (1 апреля) периода, когда наиболее высокий уровень воды после таяния и засушливый период (20–23 августа и 11 сентября), когда наиболее низкий уровень воды.

Обработка снимков выполнялась с использованием программного продукта ArcGIS [9]. После обработки выбранных 6 снимков была оцифрована береговая линия водохранилища. Полученный контур водной поверхности позволил вычислить площадь Капчагайского водохранилища на разные даты. Результаты вычислений представлены в табл. 1.

Таблица 1 – Результаты вычисления площади водной поверхности

Дата	Контур водной поверхности	Площадь, км ²
01.04.2022		1194
23.08.2022		1171
04.04.2023		1209
11.09.2023		1139
06.04.2024		1185
20.08.2024		1220

Сравнивая полученные результаты контура береговой линии, можно заметить, что наибольшие изменения ее положения заметны в восточной и южной частях водохранилища. Увлажнение восточного побережья происходит за счет подтопления водохранилищем, а также наличием поверхностных стоков небольших русел, на котором преобладает низкая заболоченная и засоленная местность с преобладанием лугово-болотными и луговыми засоленными почвами в комплексе с солончаками. На южном побережье расположены участки местности шириной 2–2,5 км с преобладанием луговых пухлых солончаков, испытывающие подтопление водохранилищем. За последние 30–40 лет эта полоса существенно не изменилась, о чем свидетельствуют космические снимки Ландсат-8 и Сентинел-2. Подтопление Капчагайским водохранилищем почв северного побережья с преобладанием покатого равнинного рельефа незначительное [10].

Полученные данные *табл. 1* позволили построить диаграмму, изменения площади занимаемой водой в весенний и летний периоды, представленную на *рис. 2*.




Рисунок 2 – Площадь водного объекта

Анализ диаграммы показал, что наибольшая площадь водохранилища в весеннем периоде наблюдалась в 2023 году, а наименьшая в 2024 году. Наибольшая площадь в конце летнего периода наоборот наблюдается в 2024 году, а наименьшая в 2023 году. Площадь водной поверхности, вычисленная на 2023 год, имеет среднее значение в обоих периодах по сравнению с площадями, вычисленными за 2023 и 2024 годы.

Выводы

Метод, применяемый для мониторинга Капчагайского водохранилища с использованием данных ДЗЗ, обеспечивает достоверную информацию о состоянии водных ресурсов. Внедрение таких методов позволяет оперативно выявлять

и анализировать экологические изменения, давать оценку состояния и использование водных ресурсов, планировать дальнейшие мероприятия необходимые для охраны окружающей среды.

Преимущество метода дистанционного зондирования Земли заключается в том, что постоянно происходит обновление доступных космических снимков, имеющих высокое разрешение, что позволяет работать с ними без высокоточного геодезического оборудования. Особенно это важно при выполнении мониторинга больших территорий, подверженных воздействию водных объектов

Литература:

1. Belova N., Ermolov A., Novikova A.V., Ogorodov S., Stanilovskaya Y. Dynamics of Low-Lying Sandy Coast of the Gydan Peninsula, Kara Sea, Russia, Based on Multi-Temporal Remote Sensing Data. / *Remote Sensing*, Basel, Switzerland, 2023, № 15 (1), 48, DOI: 10.3390/rs15010048
2. Решетило Н. С., Хлебникова Е. П. Возможность использования данных дистанционного зондирования при мониторинге водных объектов, *geosib.sgugit.ru*, 2021, С 248-255, DOI: 10.33764/2618-981X-2021-6-248-255
3. Kamza A.T., Kuznetsova I. A. Eugene L. Levin. Prediction of the flooding area of the northeastern Caspian Sea from satellite images. / *Geodesy and Geodynamics*, 2023, 14(2), P. 191–200, 03.2023, <https://doi.org/10.1016/j.geog.2022.08.003>.
4. Rakhimbayeva D., Kyrgyzbayeva G., Shoganbekova D., Nurpeissova T., Yusupov Kh., Study of the method for monitoring the Caspian Sea coastline based on the data of remote sensing of the earth Earth. / *News of the national academy of sciences of the republic of Kazakhstan, series of geology and technical sciences*, ISSN 2224–5278, Volume 6. Number 462 (2023), 157-173, <https://doi.org/10.32014/2023.2518-170X.356>
5. Rakhymberdina M, Daumova G., Apshevikur B., Shults R., Toguzova M., Assylkhanova Z., Kolpakova V., Kapasov A. Integrated Chemical-Geoecological Monitoring and Engineering Approaches for Pollution Reduction in the Yertis River. *Engineered Science*, 2024, №32, 1328-1343, DOI:10.30919/es1328
6. Жолобов Д.А., Баев А.В. Уточнение значений нормализованного вегетативного индекса (NDVI), методом наложения транспирационной маски // *Инновации в науке: сб. Ст. По матер. XLV междунар. Науч.-практ. конф. № 5(42)*. – Новосибирск: сибак, 2015. <https://sibac.info/conf/innovation/xlv/42254>
7. Морозова, В. А. Расчет индексов для выявления и анализа характеристик водных объектов с помощью данных дистанционного зондирования // *Современные проблемы территориального развития: электрон. журн.* – 2019. – №2. <https://terjournal.ru/wp-content/uploads/2019/05/ID85.pdf>
8. Тихомиров О.А., Бочаров А.В., Комиссаров А.Б., Хижняк С.Д., Пахомов П.М. Использование данных сенсора Landsat 8 (OLI) для оценки показателей мутности, цветности и содержания хлорофилла в воде Иваньковского водохранилища // *Вестник ТвГУ. Серия «Химия»*. 2016. № 2. С. 230-244.
9. ArcGIS Pro: Галерея индексов. URL: <https://pro.arcgis.com/ru/pro-app/help/data/imagery/indices-gallery.htm>.
